




ERGO MOVE

EVER PROOF

INSTA FOLD

ERGO PAD



FRAME WARRANTY

Қаңқаға кепілдік

YEARS

7

ЖЫЛ

WARRANTY

Кепілдік

YEARS

2

ЖЫЛ

МАССАЖДЫҚ ҮСТЕЛ

M-300F TUNE

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

Мазмұны

1. Қауіпсіз пайдалану нұсқаулары	4
2. TORNEO M-300F TUNE массаждық үстелінің артықшылықтары	6
3. Техникалық сипаттамалары	7
4. Пайдалануға дайындық	8
5. Массаждық үстелге техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу	18
6. Массаждық үстелді тасымалдау, сақтау және кәдеге жарату	19

Құрметті сатып алушы!

Біздің массаждық үстелімізді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Заманауи технологиялар қолданылған TORNEO M-300F TUNE моделі функциялылық пен ойластырылған дизайнға ие. TORNEO массаждық үстелін пайдалану сізге ұнайтынына сенімдіміз!



Массаждық үстелді пайдалану алдында осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Онда массаждық үстелді қауіпсіз пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және сақтау туралы маңызды ақпарат берілген. Бұл Нұсқаулықты массаждық үстелді пайдалану мерзімі аяқталғанға дейін міндетті түрде сақтаңыз.

1. Қауіпсіз пайдалану нұсқаулары

- Массаждық үстел тек үй жағдайында пайдалануға арналған. Массаждық үстелді коммерциялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады.
- Массаждық үстел иесі барлық пайдаланушыларды массаждық үстелді қауіпсіз пайдалану шаралары туралы хабардар етуге жауапты.
- Егер өндіруші ұсынған болса, жаттығу құрылғысындағы ескерту белгілерін оқып шығыңыз. Массаждық үстелді пайдалану мерзімі аяқталғанға дейін ондағы ескерту белгілерін сақтаңыз.



Назар аударыңыз!

Балалар мен үй жануарларын массаждық үстел орналасқан орынжайда қараусыз қалдырмаңыз.

- Балалар мен физикалық, сенсорлық не ақыл-ой мүмкіндіктері шектеулі адамдар массаждық үстелді олардың қауіпсіздігіне жауапты тұлғалардың бақылауымен ғана пайдалана алады.
- Массаждық үстелді мас күйде немесе реакция мен зейінді нашарлататын препараттарды ішіп пайдалануға тыйым салынады. Бұл ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Массаждық үстелді тек осы Нұсқаулықтағы мақсатқа сай пайдаланыңыз.
- Массаждық үстелді бір уақытта бір адам ғана пайдалануы керек.
- Массаждық үстелдің рұқсат етілген максималды жүктемесі осы Нұсқаулықтың «Техникалық сипаттамалар» бөлімінде көрсетілген.
- Орнату орнын таңдаған кезде массаждық үстелдің әр жағында кемінде 0,5 м бос орын қалдырыңыз.
- Массаждық үстелді тегіс және қатты бетке орнату керек. Егер массаждық үстел тегіс емес бетке немесе жұмсақ жабынға орнатылса, орнықтылығы нашар болып, ол аударылып кетуі мүмкін.

- Массаждық үстелдің астына бөгде заттарды қою арқылы оның еңіс бұрышын өзгертпеңіз.
- Массаждық үстел ауа температурасы +10 °C пен +35 °C аралығындағы және салыстырмалы ылғалдылығы 75%-ға дейінгі орынжайларда пайдалануға арналған. Массаждық үстелді шаңды, ылғалды, жылытылмайтын орынжайларда, сондай-ақ аэрозоль мен жанғыш газдар шашырайтын жерлерде пайдаланбаңыз және сақтамаңыз.
- Массаждық үстелді ылғалдылығы жоғары орынжайларға (мысалы, душ кабинасы, бу бөлмесі не бассейнге) жақын орнатпаңыз. Жоғары ылғалдылық массаждық үстелдің бөлшектеріне кері ықпал етуі мүмкін.
- Өткір не кесетін заттар массаждық үстел жастықтарының қаптамасын зақымдамауын қадағалаңыз.
- Массаждық үстел бөлшектері мен жастықтарының шаңы мен басқа кірлерін үнемі тазалап жүріңіз. Массаждық үстелдің бөлшектері мен механизмдерін судан және басқа сұйықтықтардан қорғаңыз. Массаждық үстел орнатылған орынжай жақсы желдетілуі тиіс.
- Массаждық үстелді тазалау үшін суға не жуғыш құралдың әлсіз ерітіндісіне малынған жұмсақ, түксіз матадан жасалған сулықты пайдаланыңыз. Жуғыш құралды тікелей массаждық үстелге жақпаңыз. Массаждық үстелді тазалау үшін еріткіштер мен абразивті тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз. Бұл массаждық үстел элементтерінің жастықтары мен лак-бояу қорғаныш жабынын зақымдауы мүмкін.
- Массаждық үстелді қауіпсіз пайдалану және оның қызмет мерзімін ұзарту үшін бұрамалы қосылыстар босап қалмағанын, сондай-ақ жеке бөлшектері зақымдалып, тозбағанын уақытылы тексеріп отыру қажет. Бұрамалы қосылыстарды айына кемінде бір рет тексеріңіз. Қажет болғанда, осы қосылыстарды қатайтып шығыңыз.



Назар аударыңыз!

Егер массаждық үстелдің жиынтықтауыштары зақымдалғанын немесе тозғанын байқасаңыз, массаждық үстелді пайдалануды тоқтатып, дереу сервистік орталыққа хабарласыңыз.

- Массаждық үстелдің конструкциясына қандай да бір өзгеріс енгізу немесе өндіруші не оның уәкілетті өкілі ұсынбаған аксессуарлар мен керек-жарақтарды пайдалану жабдықтың бұзылуына, пайдаланушының жарақат алуына және кепілдікті қызмет көрсетуден бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Өндіруші тұтынушыларға алдын ала ескертусіз өнімдердің жиынтықтамасына, дизайнына, функционалдық мүмкіндіктеріне өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

2. TORNEO M-300F TUNE массаждық үстелінің артықшылықтары

Жиналмалы конструкция

Тасымалдау, жылжыту және сақтау ыңғайлы болуы үшін массаждық үстел жиналмалы конструкциямен және ыңғайлы ұстағыштармен жабдықталған.

Еңістікті реттеу

Массаждық үстел үш секциядан тұрады. Үшінші секция көлбеуі 0 градустан 45 градусқа дейін реттеледі, 10 деңгей.

Бетке арналған тесік

Адамды ыңғайлы жатқызу үшін үстел бетінде бетке арналған тесік бар. Бұл тесікті жеткізілім жиынтығына кіретін арнайы білікшемен жауып қоюға болады.

Қолға арналған сөрелері бар бас тірегіш

Пайдаланушы ыңғайлылығы үшін жиынтыққа көлбеулігі мен биіктігі бойынша реттелетін бас тірегіш және оған жалғанатын қолға арналған сөре қосылған. Тез алынатын бас тірегіш үстелге оңай алынып-салынады.

Шынтақшалар

Пайдаланушы ыңғайлылығы үшін жиынтыққа шынтақшалар кіреді. Тез алынатын шынтақшалар үстелге оңай алынып-салынады.

Биіктігі бойынша реттеу

Тіректер биіктігін өзгертуге болады, пайдаланушыға 9 реттеме деңгейі қолжетімді.

Беріктілік пен жеңіл салмақ

3,2 мм-лік болат сымарқандар мен қалың фанерлі негіз — массаждық үстел беріктігі мен ұзаққа жарамдылығының кепілі. Шамшат қаңқадан жасалған үстел салмағы жеңіл әрі тасымалдау кезінде ыңғайлы болады.

Еденді қорғау

Әр тіректің ұшында үстелді пайдалану кезінде еден жабынын қорғайтын пластик жабыстырмалар бар.

Тасымалдау кезіндегі қорғаныш

Жиынтыққа жылжыту және тасымалдау кезінде үстелді қорғауға арналған, сондай-ақ шағын массаж керек-жарақтарын ыңғайлы сақтауға арналған ұстағыштары мен қалтасы бар қорғаныш тысқап кіреді.

Жаю кезіндегі қорғаныш

Үстелдің қаптамасын жаю кезінде қорғау үшін шетжақтардың бірінде шағын тіректер орналастырылған.

3. Техникалық сипаттамалары

Моделі	M-300F
Өлшемдері	1950×700×620-890 мм
Жиналған күйіндегі өлшемдер	985×185×735 мм
Қаптама өлшемі	995×185×735 мм
Салмағы	16,7 кг
Қаптамадағы салмағы	18,3 кг
Толтырғыш қалыңдығы	40 мм
Шере негіздің қалыңдығы	5,5 мм
Болат тіректер диаметрі	32х0,6 мм
Максималды жүктемесі	250 кг
Конструкция	Жиналмалы
Биіктігі бойынша реттеу	Иә, 9 деңгей, 62–89 см
Секция еңістігін реттеу	0° бастап 45° дейін, 10 деңгей
Тіректер материалы	Шамшат
Сымарқан материалы	Болат
Қосымша	Еденді қорғауға арналған тіректердегі пластик жабыстырмалар Тасымалдау тұтқалары Көлбеулігі бойынша реттелетін алмалы-салмалы бас тірегіш пен қолға арналған сөре Алмалы-салмалы шынтақшалар Бетке арналған тесіктің бітеуіш білікшесі Үстелді тасымалдауға арналған тысқап
Кепілдік мерзімі	массаждық үстелге – 2 жыл жақтауына – 7 жыл

4. Пайдалануға дайындық


4.1 Жиынтықтама

Атауы	Саны
Массаждық үстел	1 д.
Бетке арналған тесіктің бітеуіш білікшесі	1 д.
Шынтақша	2 д.
Бас тірегіш	1 д.
Қолға арналған сөре	1 д.
Пайдаланушы нұсқаулығы	1 д.
Кепілдік шарттары	1 д.


4.2 Үстелді жаю

Үстелді жайып, оны жұмыс күйіне келтіру үшін,


1. Ілмектер сол не оң жақта болатындай етіп үстелді шетжағына қойыңыз.




2. Үстелдің шетжағында орналасқан қолсап бекітілген жағынан екі ілмекті ашып, үстелді суретте көрсетілгендей жайыңыз.



3. Басқа арналған білікшені, шынтақшалар мен бас тірегішті алып, оларды шетке қойыңыз.



4. Үстел артында тұрып, үстел жармаларының шетжақтарынан төменнен ұстап, абайлап көтеру арқылы үстелді толығымен ашыңыз. Тіректерді үстел бетіне перпендикуляр етіп орнатыңыз.




5. Үстелді тіректерге қойып, тіректер дәл тігінен орнатылғанына және сымарқандар тартылғанына көз жеткізіңіз. Егер қажет болса, тіректердің орнын реттеп, сымарқандар тартылуы үшін үстелдің ортасын басыңыз.
6. Бетке арналған тесіктің бітеуіш білікшесін орнатыңыз.
7. Шынтақшаларды бүйірлердегі сәйкес тесіктерге салу арқылы орнатыңыз.
8. Бас тірегішті 4.4-тармақта сипатталғандай орнатыңыз

4.3 Үстелді жинау


Үстелді жинау үшін 4.4-тармақта сипатталған барлық әрекеттерді кері ретпен орындау арқылы бас тірегіш пен қолға арналған сөрені ажыратып алу қажет. Әрі қарай 4.2-тармақта сипатталған барлық әрекеттерді кері ретпен орындау қажет.

4.4 Бас тірегіш пен қолға арналған сөрелі орнату



1. Бас тірегіш тіректерін қолға арналған сөрелер бекітпелерінің бүйірлік белдіктерінің ілмектерінен өткізіңіз.




2. Бас тірегіш тіректерін массаждық үстелдің тиісті тесіктеріне салып, бас тірегіштің қажетті көлбеуін бекіткішпен бекітіңіз.




3. Қолға арналған сөренің орталық бекітпе белдігін суретте көрсетілгендей бас тірегіш негізіндегі тесік арқылы өткізіңіз.




4. Белдіктің ұшын айылбасқа салыңыз.



5. Бас тірегіштің жастығы мен негізінде орналасқан Велкро жабысқақ лентасын қолдану арқылы бас тірегіш жастығын негізге бекітіңіз.





6. Қолға арналған сөренің қажетті биіктігін реттеңіз. Сөре көлденең қалыпта болуы керек. Барлық белдіктерді қатайтыңыз.







4.5 Бас тірегіш қалпын реттеу

Бас тірегіштің көлбеуін ғана емес, сонымен қатар массаждық үстел бетіне қатысты биіктігін де өзгертуге болады. Бас тірегіш қалпын реттеу үшін:

1. Бас тірегіш қалпының бекіткішін босатыңыз.




2. Бас тірегіш көлбеуін қажетінше өзгертіңіз.




3. Бас тірегіштің массаждық үстел бетіне қатысты биіктігін арттыру үшін бас тірегіш негізін жоғары қарай тартыңыз.
4. Бас тірегіш қалпының биіктігін азайту үшін бас тірегіштің үстінен басыңыз.

5. Бас тірегіш қалпының қажетті көлбеуі мен биіктігін бекіткішпен бекітіңіз.




4.6 Секция еңістігін реттеу

1. Секцияны жоғары қарай тартыңыз. Әрбір келесі еңіс деңгейіне ауысқан кезде механизм сырт еткен дыбыс шығарады. Қажетті деңгейді таңдап, секцияны жіберіңіз — ол автоматты түрде сол деңгейде бекітіледі.



2. Секцияны түсіру үшін оны тірелгенше жоғары қарай тартыңыз (1) және төмен түсіріңіз (2). Секция көлденең қалыпқа түседі.



3. Секцияны қайтадан көтеру үшін оны жоғары тартып, қажетті деңгейге орнатыңыз.

5. Массаждық үстелге техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу

5.1 Пайдаланушының техникалық қызмет көрсетуі

TORNEO массаждық үстелдері өндірісінде жоғары сапалы материалдар қолданылатынына қарамастан, пайдалану кезінде олардың жеке тораптары мен жиынтықтауыштарына үлкен жүктеме түседі, осыған байланысты олардың жекелеген бөлшектері уақыт өте келе сөзсіз тозады. Төмендегі ұсынымдарды уақытылы орындап жүру қажет. Ұқыпты пайдалану, күнделікті тексеру мен уақытылы күтім жасау жабдықтың қызмет мерзімін ұзартып, пайдалану кезінде қауіпсіздік пен жайлылық деңгейін арттырады.

Күн сайын:

- массаждық үстелдің орнықтылығын тексеріңіз;
- терді, майды және басқа кірді кетіру үшін массаждық үстелдің жастықтары мен бөлшектерін суға не жуғыш құралдың әлсіз ерітіндісіне малынған жұмсақ, түксіз матадан жасалған сулықпен сүртіңіз;
- массаждық үстелдің зақымдалмағанын және жиынтықтауыштары тозбағанын көзбен қарап тексеріңіз;
- массаждық үстелді пайдаланған кезде әдеттен тыс шу мен дыбыс шықпайтынын тексеріңіз.

Апта сайын:

- массаждық үстелдің көлденең қалпын тексеріңіз;
- қозғалмайтын элементтер бекітілгенін тексеріңіз, олар бос болмай, мықтап бекітілуі керек;
- массаждық үстелдің бұрамалы қосылыстары босап қалмағанын тексеріңіз;
- қозғалмалы элементтер жүрісін және бекіту беріктігін тексеріңіз.

Ай сайын:

- массаждық үстелдің астындағы және айналасындағы кеңістікті шаңсорғышпен тазалаңыз.

5.2 Жөндеу

Барлық TORNEO массаждық үстелдеріне кепілдікті қызмет көрсетіледі. Егер қандай да бір ақау пайда болса, массаждық үстелді пайдалануды дереу тоқтатыңыз. Массаждық үстелді өзіңіз жөндеуге тырыспаңыз. Сатушының сервистік қызметіне жүгіну арқылы білікті маманға жөндетіңіз.



• Массаждық үстелдің конструкциясына қандай да бір өзгеріс енгізу немесе өндіруші не оның уәкілетті өкілі (Сатушы) ұсынбаған аксессуарлар мен керек-жарақтарды пайдалану жабдықтың бұзылуына, пайдаланушының жарақат алуына және кепілдікті қызмет көрсетуден бас тартуға себеп болуы мүмкін. Уәкілетті сервистік орталықтар туралы ақпаратты Сатушыдан алуға болады.

6. Массаждық үстелді тасымалдау, сақтау және кәдеге жарату

6.1 Тасымалдау

- Массаждық үстелді тек зауыттық немесе ұқсас сападағы қаптамада тасымалдауға рұқсат етіледі. Массаждық үстелді болашақта тасымалдау үшін зауыттық қаптаманы сақтап қоюға кеңес береміз.
- Массаждық үстел тасымалдау кезінде жаңбырдан, қардан және басқа да атмосфералық әсерлерден сенімді қорғалуы тиіс.

6.2 Сақтау шарттары

- Массаждық үстелді +10 °C пен +35 °C аралығындағы ауа температурасында және 75%-тен аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында құрғақ жылытылатын орынжайда сақтау қажет.
- Массаждық үстелді шаңды, ылғалдылығы жоғары және жылытылмайтын орынжайларда сақтамаңыз.
- Массаждық үстелді судан қорғаңыз.
- Массаждық үстел сақталатын орынжайда агрессиялық қоспалар (қышқыл, сілті буы) болмауы керек. Массаждық үстел сақталатын орында аэрозольдер шашыратпаңыз.

6.3 Кәдеге жарату



Назар аударыңыз!

Бұл массаждық үстел тұрмыстық қалдықтарға жатпайды. Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз.

Массаждық үстелді қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу жөніндегі мемлекеттік және муниципалдық заңнамаға сәйкес кәдеге жарату қажет. Массаждық үстелді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған орта мен адамдар денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Массаждық үстелдерді кәдеге жарату ережелері мен қабылдау орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқыстарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

ТИІМДІЛІК ПЕН ЖАЙЛЫЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

ERGO PAD

Жаттығу құрылғысының отырғыштары, арқалары, шынтақ жастықтары, жаттығу төсеніштері сияқты жұмсақ элементтерін өндіру кезінде оңтайлы серпімділік коэффициентіне ие заманауи материалдарды пайдалану. Максималды ыңғайлылық пен қауіпсіздік үшін.

EVER PROOF

Жабдықтың сенімділігі мен ұзақ қызмет мерзімін қамтамасыз ететін күшейтілген конструкциялар мен тозуға төзімді материалдарды қолданатын өндіріс технологиясы.

INSTA FOLD

Жабдықты оңай жылжыту және сақтау үшін ықшам жиналмалы технология.

ERGO MOVE

Жаттығу құрылғылары мен күштік жабдығын пайдаланушының бойы мен денебітіміне қарай реттеуге мүмкіндік беретін технология.

Қосымша ақпарат

Сауда белгісі: TORNEO.

Моделі: M-300F.

Өндірілген күні (айы, жылы) бұйымда көрсетілген.

Массаждық үстелдің қызмет мерзімі: 7 жыл.

Кепілдік мерзімі: массаждық үстелге — 2 жыл, қаңқасына — 7 жыл.

Импорттаушы және Дайындаушы уәкілеттік берген ұйым:

«Спортмастер Казахстан» ЖШС.

Заңды мекенжайы: 117437, Мәскеу қ., Миклухо-Маклай к-сі, 18-үй, 2-корп., 102-бөлме.

Анықтама қызметі: 8 495 777-777-1.

Қытайда жасалған.

Кепілдік жөндеу кезінде немесе заңда көзделген өзге де талаптар қойылған кезде тауарды сатып алу күнін растау үшін ілеспе құжаттарды (чек, түбіртек, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттарды) сақтауыңызды сұраймыз.

Бұл тауар Ресей Федерациясының заңнамасының талаптарына сәйкес сатылады

ЕАЭ

Өндіруші тұтынушыларды алдын ала хабарландырмай, бұйымның жиынтықтамасына, дизайнына, функциялық мүмкіндіктеріне, соның ішінде техникалық және бағдарламалық жасақтамасына, өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

M-300F. Пайдалану және құрастыру нұсқаулығы. v.1.0.1.